

**"Азаматтық қызметшілерді аттестациядан өткізу шарттарын және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 20 шілдедегі № 168-ө бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 238-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2011 жылы 19 шілдеде № 7076 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 971 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 15.12.2015 № 971 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 233-бабына, «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Азаматтық қызметшілерді аттестациядан өткізу шарттарын және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 20 шілдедегі № 168-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4883 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2007 жыл, маусым-тамыз) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қызметшілерді аттестациядан өткізу шарттары және ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Азаматтық қызметшілерді аттестациядан өткізу шарттары және ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 233-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде, оның ведомствосында және олардың аумақтық органдарында, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қарамағындағы қазыналық кәсіпорындарда, сондай-ақ жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардың, халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін әлеуметтік қызметкерлерден басқа азаматтық қызметшілерін (бұдан әрі – қызметшілер) аттестациядан

өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.».

2. Әлеуметтік көмек департаменті (Қ.А. Манабаева):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде  
м е м л е к е т т і к т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде  
мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми  
жариялануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын  
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы*  
*Е ң б е к ж әне х а л ы қ т ы*  
*әлеуметтік қорғау министрі* *Г. Әбдіқалықова*